

Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану ережесін бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1998 жылғы 5 желтоқсандағы N 266 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 8 қаңтарда N 662 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 91 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.03.2016 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **қаулы етеді:**

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану ережесі бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны және бекітілген Ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін;

2) осы қаулыны және тіркелген Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына жіберсін, оларға осы қаулыны және аталған Ережені екінші деңгейдегі банктерге жіберуді міндеттесін.

3. **Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.07.01 № 65 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

4. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) және Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп ұсынылған Ережеге сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1994 жылғы 16 желтоқсандағы N 25 хаттама) Қазақстан Республикасының банктерінде бухгалтерлік есеп жүргізу және есеп беру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар жобасын дайындап, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қарауына ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану ережесі күшіне енген күннен бастап:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1994 жылғы 15 қарашадағы мәжілістің N 22 хаттамасы) Қазақстан Республикасында

чектермен есеп айырысу туралы ереженің;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1994 жылғы 15 қарашадағы мәжілістің N 22 хаттамасы) Чектер клирингін жүргізуге арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Клиринг палатасы туралы е р е ж е н і ң ;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 22 қаңтардағы N 16 қаулысымен бекітілген Кепілдік берілген чектермен есеп айырысу туралы ереженің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдуллинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ Б а н к і Б а с қ а р м а с ы н ы ң
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 5 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 266 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолдану туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ереже чектерді пайдалану туралы шартты жасау тәртібін және оның міндетті талаптарын айқындайды, чектерді және чек кітапшасын беру және пайдалану рәсімін белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында чектерді пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асырудың ерекшеліктерін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында чектерді қолданған кезде туындайтын қатынастарды Қазақстан Республикасының заң актілері және осы ереже реттейді.

3. Осы ереженің нормалары жол чектерін пайдалануға байланысты қатынастарға қолданылмайды. Аталған қатынастар ережемен реттеледі, ол ережелерді осындай жол чектерінің чек беруші банкі және банктік практикада қабылданған іскерлік айналымның салттары белгілейді. <*>

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

4. Осы ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) чек берушінің банкі - чек кітапшасын берген және ақша төлеу туралы б ұ й р ы қ ж і б е р і л е т і н б а н к ;

2) чек ұстаушының банкі - чек ұстаушы төлеу үшін чек ұсынған немесе

алынған чекті кейін төлеу үшін чекті ұсынған банк;

3) чектің берілуі - төлемді жүзеге асыру әдісі, төлем бұл әдіс бойынша чек берушінің атаулы төлем құжатын чек ұстаушыға беруі арқылы төлем жасалады;

4) кепілді чек - бұл чек берушінің банкінің осы банк көрсеткен сомасын төлеу жөніндегі кепілдігін қамтиды, бұл чек берушінің ақша сомасының чек берушінің банкінде жеткілікті болғандығына байланысты емес;

5) чектерді пайдалану туралы шарт - бұл шарт бойынша чек берушінің банкі өз клиентінің - чек берушінің (жеке немесе заңды тұлға) чектерін төлеу жөнінде міндеттеме алады, ал клиент банк белгілеген чектерді беру және пайдалану ережелерін сақтауға міндеттенеді;

6) чектердің клирингі - клирингтік ұйым жүзеге асыратын чектерді жинау, салыстырып тексеру, өзара есепке жатқызу процесі және қатысушы банктердің таза позициясын анықтау;

7) Клирингтік палата - клирингке қатысушылардың қарсы талаптарын жинау, салыстырып тексеру, іріктеу және есепке жатқызу және олардың таза позициясын кейін анықтау (сальдо) процесін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ банктің клиенттер арасындағы қарсы талаптар бойынша көрсетілген іс-әрекетін орындауы;

8) чектің түбіртегі - бұл чектің осы чектің қажетті деректемелері көрсетілген бір бөлігі. Осы ереженің мақсаты үшін чектердің түбіртегі деп сондай-ақ кейіннен чек кітапшасына жинақталған чектердің көшірмелерін айтады;

9) кепілдігі жоқ чек - бұл чек берушінің банкінің тиісті кепілдігі жоқ чегі;

10) жабылмаған чек - бұл алдын-ала депозитпен қамтамасыз етілмеген чек;

11) жабылған чек - бұл чек беруші алдын-ала банкке салған депозитпен қамтамасыз етілген чек;

12) чек - чек беруші мен алушы банктің арасындағы шартқа негізделген, чек берушінің алушы банкке жазбаша бұйрығын қамтитын, осындай бұйрықта көрсетілген ақша сомасын чек ұстаушыға төлеу туралы төлем құжаты;

13) чек кітапшасы - чектердің брошураланған және рет-ретімен нөмірленген бланкілері. Чек кітапшасы чектің бір бланкінен тұра алады;

14) чек беруші - чекті жазып берген адам;

15) чек ұстаушы - осы адамның пайдасына чек жазып берілген адам және чек беруші адам, егер ол чекті өзінің атына өзі жазып алса.

5. Чек мынадай міндетті деректемелерді қамтуға тиіс:

1) " чек " деген атау;

2) чектің сериясы және нөмері;

3) < * >

4) чек берушінің немесе соның мүддесін көздеушінің атауы (есімі);

5) чек берушінің/чек ұстаушының жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру)

н ө м і р і ;

б) сан мен және жазып көрсетілген сомасы, чек берілген күн, орын және чек берушінің немесе соның атынан сөйлеушінің қолы және оның мөрі (заңды тұлға ү ш і н) ;

7) чек ұстаушының атауы (есімі);

7-1) алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.07.01 № 65 Қаулысымен .

8) алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.07.20 N 76 Қаулысымен .

9) чек берушінің чекті төлеуге міндетті банкінің атауы;

10) чек берушінің банкінің бірегейлендірілген банктік коды;

11) "төлеңіз" деген баған;

12) "төлемнің мақсаты (қолма-қол ақша алу чегін қоспағанда)" деген баған;

13) "чектің төлеуге қабылданғаны туралы чек ұстаушының белгісі" деген баған ;

14) КОд (ақша жіберушінің коды), КБе (бенефициардың коды) және КНП (төлем белгілеу коды) бағандары;

15) "кіріс мақсаты (қолма-қол ақша алу чегі үшін) деген баған.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасы 2000.10.13 N 390; 2002.05.13 N 169; 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2011.07.01 № 65 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.03.26 № 108 (2-тармақты қараңыз) Қаулыларымен.

6. Осы ереженің 5-тармағында көзделген міндетті деректемелерден басқа кепілді чектер мыналарды қамтуға тиіс:

1) "кепілді чек" деген атау;

2) чек берушінің банкі кепілдік берген чектер бойынша жалпы сома.

6-1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген болса және оған чекті пайдалана отырып операцияларды өңдеу үшін қажет болса, чек берушінің банкі чекке қосымша деректемелердің қойылуын талап етуге құқылы.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

7. Чектер аударымдық төлемдерді жүзеге асыру, қолма-қол ақшаны алу үшін пайдаланылады.

8. Чекті беру чекті берушінің ақшалай міндеттемесін орындау болып табылмайды, чек соны орындау үшін жазып берілген. Аталған міндеттеме чек бойынша ақша алған кезде орындалады.

9. Қазақстан Республикасының аумағындағы чектер Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы Қазақстан теңгесімен жазып беріледі. Қазақстан

Республикасының аумағында шетел валютасындағы чектерді айырбастау валюталық реттеу туралы заңда көзделген жағдайда ғана рұқсат етіледі.

10. Чектерді чек берушінің банкі және чек ұстаушының банкі қабылдауға міндетті және оларды чектерді пайдалану туралы шарттың талаптарына және осы ережеге сәйкес чек берушінің банкі төлеуге тиіс.

11. Чек берушінің банкі басқа банктермен - чек ұстаушының банктерімен чектерді қабылдауға және төлеуге шарт жасасады.

12. Чектегі сыйақы (мүдде) туралы кез келген нұсқау жазылмаған деп саналады.

1 3 . < * >

Ескерту: 13-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.08.27 N 93 қаулысымен.

14. Чек бланкілері (оның ішінде чектер чек кітапшасы болып брошураланбаған кезде де) қатаң, есепте тұрған құжат болып табылады және міндетті деректемелері мен қорғау дәрежесі (кем дегенде 5 еселік), ескеріліп жасалады, олар болмаса чек жарамсыз болады.

Егер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде басқаша көзделмесе, чек беруші банктің уәкілетті органы чек пен чек кітапшасы бланкісінің үлгісін өзі бекітуге құқылы. Бұл орайда чек пен чек кітапшасының бланкісі осы Ереженің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

14-1. Қорғалу дәрежесіне қойылатын ең аз талаптар, сондай-ақ төленген чектерді чек берушінің банкінің есепке алу тәртібі чек берушінің банкінің ішкі ережелерінде белгіленеді.

Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

2-тарау. Чектерді пайдалану туралы шарт

15. Чек берушінің және чек берушінің банкінің чекті пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері чектерді пайдалану туралы шарт негізінде туындайды.

16. Чектерді пайдалану туралы шартта мынадай міндетті талаптар болуға тиіс :

- 1) чек кітапшасындағы чек бланктерінің саны туралы мәліметтер;
- 2) чектерді дұрыс жазып беру талабы, атап айтқанда:
чек бланктерінің нөмірлерінің реттілігін сақтау;
чек сомасын санмен және жазып көрсету (жазылатын сома жолдың ең басынан бас әріптен басталуға тиіс, "теңге" сөзі жазып көрсетілген сомадан кейін

бос орын қалдырмай көрсетілуге тиіс, "тиын" сөзі чекте көрсетілмейді, сомасы санмен және жазумен жазылғаннан кейінгі бос жерге қос сызық сызылады); <*>

"төлеңіз" деген сөздерден кейін бағанда атына чек жазып берілетін адамның аты-жөні немесе атауы көрсетіледі; <*>

чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе оның мүддесін көздейтін адамның тұлғаның (заңды және жеке тұлғалар үшін) жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі, кім және қашан берген;

чекті жазып берген күннің қойылуы (күні және жылы - санмен, айы - жазып);

чек берушінің қолының қойылуы (және заңды тұлға үшін мөрдің қойылуы), олар чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына ие болуға уәкілеттік берген адамның қолының және чек берушінің мөрінің бедерінің (заңды тұлғалар үшін) үлгісі құжаттағы үлгіге сәйкес болуға тиіс;

ч е к т і ң т ү б і р т е г і н д е :

чек жазылған ақша сомасы (сома санмен қойылады), чек жазылған күн және чек берушінің немесе чек кітапшасын пайдалануға уәкілетті адамның қолы және чек берушінің мөр таңбасы (заңды тұлғалар үшін), егер чек кітапшасы белгілі бір сомаға берілсе - операция жасалғанға дейінгі сома қалдығы және чек кітапшасы бойынша жаңа қалдық (қалдық санмен және жазумен қойылады); <*>

3) чекпен операция жасаған кездегі чек берушінің банкі мен чек беруші арасындағы өзара төлемдер тәртібі;

4) чек кітапшасының қолданылу мерзімі (егер чек кітапшасы белгілі бір мерзімге берілсе); < * >

5) < * >

6) < * >

7) чек берушінің жоғалған немесе ұрланған чектер, чек кітапшалары, чекке қол қоюға уәкілеттігі бар адамдар құрамының (заңды тұлғалар үшін) өзгеруі туралы чек берушінің банкіні хабардар ету рәсімі;

8) чек берушінің банкінің чектерді төлеуден бас тарту, сондай-ақ ақауы бар және жалған чектер туралы чек берушіні хабардар ету рәсімі;

9) чек берушінің банкінің чектермен операция жүргізу жөніндегі қызметін чек берушінің төлеуі жөніндегі шарттары;

10) чек берушінің банкіне чектің пайдаланылмаған бланктерін чек берушінің қайтару тәртібі;

11) чек беруші мен чек берушінің банкінің қатынастарына талап қою тәртібі және тараптардың жауапкершілігі.

Чектерді пайдалану туралы шартта тараптардың келісімі бойынша басқа талаптарды да көздеуге болады.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169; 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т.

караңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. караңыз) қаулыларымен.

16-1. Осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген чектерді пайдалану туралы шарттың талаптары чек берушінің банкі мен чек берушінің арасында жасалған өзге де (аралас) шартта көзделуі мүмкін.

Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

17. Чектерді пайдалану туралы шарт жасар алдында банктер клиенттің чектермен операция жүргізу жөніндегі қызмет бағаларының преискуранты мен шарттың чектерді пайдалану туралы міндетті талаптары туралы ақпарат алуға құқын қамтамасыз етуге міндетті.

3-тарау. Чек кітапшаларын беру тәртібі

18. Чек кітапшаларын рәсімдеген кезде чек берушінің банкінің уәкілетті адамы мыналарды орындауға тиіс:

1) чек берушінің немесе оның мүддесін көздеуші адамның жеке басының кім екендігіне көзін жеткізуге;

2) чек кітапшасының мұқабасының мына деректер көрсетілген немесе қойылған сыртқы бетін толтыруға:
чек берушінің аты-жөні немесе атауы;
чек берушінің (жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер, жеке нотариустар, адвокаттар және сот орындаушылары үшін) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;

чек берушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі;
чек берушінің банкінің бірегейлендірілген банктік коды;
чек бланктерінің нөмірлері (нөмірден нөмірге дейін);
чек кітапшасының қолданылу мерзімі және чек кітапшасының сомасы (егер олар анықталса);
чек кітапшасының берілу күні;

уәкілетті адамдардың қолы және чек берушінің банкінің мөрі (қолма-қол жасалмайтын төлемді жүзеге асыру мақсатында чек кітапшасын берген кезде) немесе жауапты адамның қолы және чек берушінің банкінің мөртабаны (қолма-қол ақша алу мақсатында чек кітапшасын берген кезде);

3) чек кітапшасының әрбір бланкіне мөртабанмен көрсетіп:
чек берушінің банкінің банктік бірегейлендірілген кодын және оның атауын қоюға;
чек берушінің жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірін қоюға.
Чек берушінің банкі чек кітапшасының сырт жағын толтыру тәртібіне

қойылатын қосымша талаптарды белгілеуге құқылы.

4) чек берушінің (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына ие болуға уәкілеттік берген адамның қолының және мөрдің бедерінің (заңды тұлғалар үшін) үлгілері бар құжатты қабылдауға;

5) чек кітапшаларын тіркеу журналына тиісті жазбалар жасауға;

6) чектерді пайдалану туралы шартта чек кітапшасын ресімдеген кезде чек берушінің банкінің уәкілетті адамының басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169; 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2011.07.01 № 65 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2012.03.26 № 108 (2-тармақты қараңыз) Қаулыларымен.

19. Чектерді пайдалану туралы шартта көзделген жағдайларда бір мезгілде бірнеше чек кітапшаларын беруге рұқсат етіледі.

20. Банктердің филиалдары чек кітапшаларын өздерінің клиенттері үшін банк белгілеген тәртіппен алады.

4-тарау. Төлемдер және чектерді пайдалануға байланысты басқа операциялар

21. Чек беруші - заңды тұлғалар жазып беретін чектерге чек кітапшасына ие болуға уәкілетті адамдар қол қояды және оларда чек берушінің мөрінің бедері болуға тиіс.

22. Чек ұстаушы чекті төлеуге қабылдап тұрып чектің "чекті төлеуге қабылдау туралы чек ұстаушының белгісі" деген бағанына және оның түбіртегіне тегін, толық есімі мен әкесінің есімін, сондай-ақ қолын (жеке тұлғалар үшін) немесе мөртаңбасын немесе чек ұстаушының атауы көрсетілген мөрін және чек ұстаушы уәкілеттік берген адамның қолын (заңды тұлғалар үшін) қояды.

23. Чек беруші чек берген кезде осы Ереженің 5-тармағының 12) және 14) тармақшаларында көзделген деректемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесіне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 388 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушісін - төлем белгілеудің бірыңғай жіктеушісін қолдану

ережесіне сәйкес қоятын болады.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасы 2000.10.13 N 390 қаулысымен.

24. Чекте түзетулер және жөнделген жерлер болғанда чек жарамсыз деп саналады.

Чек бланкін толтырған кезде чек беруші қате жіберіп қойса, онда осы бланкте және оның түбіртегінде түгел бойынша чек беруші "Бүлінген" деп жазып, күнін және қолын қоюға тиіс.

25. Чек беруші жазып берген чекті чек ұстаушыға беру үшін түбіртегінен айырады, чек ұстаушы егер ол сонымен қатар чек беруші болып саналмаса, чектің дұрыс толтырылғанын тексеруге (түзетулер мен жөнделген жерлерінің ізі болған-болмағаны, чек деректемелерінің дұрыс толтырылуы, чек түбіртегіндегі шығарылған қалдықтың дұрыстығы, чек түбіртектерінің нумерациясы тексеріледі), жеке куәлік немесе оның орнындағы құжат бойынша чек жазып берген адамның жеке басының кім екеніне көз жеткізуге, чек берген адамның қолын чек кітапшасының мұқабасының сыртқы бетіндегі қолдың үлгісімен салыстырып тексеруге тиіс.

Ескерту: 25-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002.05.13 N 169 қаулысымен.

26. Чекті чек ұстаушы оны жазып берген күні қабылдап алады.

Чек ұстаушы чекті чек берушінің банкіне немесе чек ұстаушының банкіне ұсынады.

Чектің қолданылу мерзімі оны жазып берген күнді санамағанда жазып берген күннен бастап күнтізбелік 10 күн болады.

27. Чек ұстаушы чек бойынша ішінара төлемнен бас тартуға құқылы.

Чек бойынша ішінара төлем жасаған жағдайда чек ұстаушының банкі немесе чек берушінің банкі осындай төлем туралы чекте белгі жазып, чек ұстаушыға чек бойынша соманың қалдығына қолхат беруге тиіс.

28. Чек берушінің банкі немесе чек ұстаушының банкі чекті төлеуге ұсынғанда чек ұстаушыдан осы чекті және ақша алғаны туралы қолхатты талап етуге тиіс (қолма-қол ақша берген жағдайда).

29. Чек ұстаушының банкіне немесе чек берушінің банкіне ұсынылған чектерді уәкілетті адамдар олардың деректемелерін дұрыс толтырылуы және олардың қолданылу мерзімінің сақталуы жөнінде тексереді.

30. Чек ұстаушының банкі немесе чек берушінің банкі төмендегі себептерге байланысты чекті қабылдаудан бас тарта алады:

- 1) жазумен жазылған сома санмен жазылған сомамен сәйкеспейді;
- 2) чектің қолданылу мерзімі өтіп кеткен;
- 3) чекте түзетпелер және/немесе тазартылған жерлер бар;

4) чектегі жазу мен сияның түсінде айтарлықтай айырмашылық бар;
5) чекте бір немесе бірнеше қорғалу дәрежесі жоқ;
6) чекте чек деректерін көрсетуде қателер бар;
7) чектегі қойылған қол мен құжаттағы чек берушінің қойған қолының үлгісі (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына иелік етуге уәкілеттік берген адамның қолының үлгісі және чек берушінің мөр бедерінің сәйкеспей қ а л у ы ;

8) жабатын соманың (жабылған чектер бойынша жетпейтіндігі кредит сомасының асып кетуі (жабылмаған чектер бойынша) немесе кепілдік сомасының асып кетуі (кепілдігі бар чектер бойынша);

9) жалған немесе ақауы бар чектің табылуы;
10) чектерді пайдалану туралы шарттарда көзделген басқа себептер.

31. Чек беруші жеке тұлғаның дәрменсіздігі немесе өліп қалуы сондай-ақ чек беруші - заңды тұлғаның чек жазып берілгеннен кейін таратылуы немесе қайта құрылуы чектің жарамсыз болып қалуына апарып соқпайды.

32. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзып жазып берілген, сондай-ақ деректемелерін толтырғанда қателер немесе/және түзетулер жіберілген чек ақауы бар деп танылады және оларды банктер қабылдамайды.

Ақауы бар чектер чек ұстаушыға қолхатпен қайтарылады.

33. Чек жалған чек деп саналады, егер:

1) төленуге ұсынылған чек осы чекте көрсетілген банк бермеген чек кітапшасынан ж а з ы п б е р і л с е ;

2) бланкі осы Ереженің 14-тармағында белгіленген талаптарға сай келмесе;

3) чек берушінің немесе чек беруші уәкілеттік берген адамның қойған қолы құжаттағы чек берушінің қойған қолының үлгісімен (жеке тұлғалар үшін) немесе чек беруші чек кітапшасына ие болуға уәкілеттік берген адамның қойған қолының үлгісімен бірдей болмаса;

4) чек берушінің мөрінің бедері (егер бар болса) құжаттағы чек берушінің мөрінің (заңды тұлғалар үшін) бедерінің үлгілерімен сәйкеспесе.

34. Жасанды немесе ақауы бар чек табылған жағдайда банктің уәкілеттігі бар адамы бұл туралы банктің бас бухгалтеріне сол заматта жеткізуге міндетті.

Бас бухгалтер чектердің клирингі бойынша таза позицияларды шығарғанға дейін телефон немесе факсимиль байланыс құралдары арқылы Клиринг палатасына жалған немесе ақауы бар чектердің табылғаны туралы дереу хабарлауға тиіс, хабарлағанда осындай чектердің деректемелерін және олардың Клиринг палатасына тапсырылған жазбаша тізбесін көрсетеді.

Клиринг палатасы банктен жоғарыда көрсетілген хабарды алысымен аталған чектер бойынша ақпаратты өңдеу процесін сол заматта тоқтата тұруға міндетті.

35. Банктің жалған немесе ақауы бар чекті тауып алған уәкілетті адамы банктің бас бухгалтерімен бірге жалған немесе ақауы бар чекті анықтағаны туралы акт жасайды.

Жалған немесе ақауы бар чектің табылғандығы туралы акт осы ережеге N 1 қосымшада көрсетілген үлгі бойынша төрт дана етіп жасалады және оны банктің немесе оның филиалының басшылығы бекітеді.

36. Жалған чек немесе жалған чектің табылғандығы туралы актің екінші данасы тез арада ішкі істер органына тапсырылуға тиіс.

Тапсырарда жалған чектің көшірмесі алынады, көшірме сыртқы бетінде анықтау немесе тергеу органдарының уәкілетті лауазымды адамының қолымен куәландырылады.

37. Жалған чек табылған күні жалған чектің табылғандығы туралы актің үшінші данасы сол күннің қорытындысы бойынша ақпаратты есептемеу үшін Клиринг палатасына жіберіледі.

38. Жалған чектің куәландырылған көшірмесі және жалған чектің табылғандығы туралы актің төртінші данасы чек берушінің банкіне (Клиринг палатасы арқылы) жалған чек табылған күннің ертеңінен кешіктірілмей тапсырылуға тиіс.

39. Ақауы бар чектің табылғандығы туралы актің екінші данасы алдыңғы күннің қорытындысы бойынша ақпаратты есептемеу үшін Клиринг палатасына жіберілуге тиіс.

40. Ақауы бар чек ақауы бар чектің табылғандығы туралы актің үшінші және төртінші даналарымен бірге жалған чек табылған күннің ертеңінен кешіктірілмей чек ұстаушының банкіне немесе чек ұстаушының өзіне (Клиринг палатасы арқылы) қайтарылуға тиіс.

41. Чек ұстаушының банкі немесе чек ұстаушы қайтарылатын ақауы бар чектер мен жалған чектердің көшірмелерін қоса тіркелген актілерімен бірге қабылдауға міндетті.

42. Чек кітапшасының қолданылу мерзімі өтіп кетуіне байланысты пайдаланылмаған әрбір чекке чек беруші "Өтелген" деп жазуға және чек кітапшасын чек берушінің банкіне қайтып беруге міндетті.

43. Чек кітапшасының қолданылу мерзімі бітер кезде немесе чек беруші чектерді пайдаланып одан әрі операция жүргізуді тоқтатарда чек кітапшасындағы сома бойынша қалдық қалса, ол оларды чек берушінің банкіне тапсыруға міндетті, жабатын соманың қолда бар қалдығын банк чек берушіге қайтаруға тиіс, ал соңғысы чек кітапшасын қайтаруға тиіс.

44. Чектерді пайдалану туралы шартта көзделген жағдайда чек кітапшасындағы соманың қалдығын баланстық шотта сақтауға және жаңа чек кітапшасының сомасын белгілегенде есептеуге болады.

45. Чек кітапшасын қайтарғанда немесе толық пайдаланғанда чек кітапшаларын тіркеу журналында тиісті белгі жасалады.

Чектерді толық пайдаланғанда чек кітапшасының сомасы сарқылмаған жағдайда, егер чектерді пайдалану туралы шартта көзделген болса, клиентке соманың қалдығына жаңа чек кітапшасын беруге болады.

46. Чек кітапшасы жоғалған жағдайда чек беруші бұл туралы чектердің пайдаланылмаған нөмірлерін көрсете отырып чек берушінің банкіне тез арада х а б а р б е р у г е м і н д е т т і .

Мұндай чектердің деректемелерін чек берушінің банкі басқа банктердің (олардың клиенттеріне хабарлау үшін) және Клиринг палатасының назарына жеткізуге тиіс.

5-тарау. Клиринг палатасында чек клирингін жүзеге асыру тәртібі

47. Клиринг палатасында чектердің Негізгі және Алғашқы клирингі жүзеге асырылады.

48. Чектердің Негізгі клирингін клиринг залында чектердің Негізгі клирингіне қатысатын банктер күн сайын жүзеге асырады.

49. Күн сайын чектердің Негізгі клирингін өткізгенге дейін банктер чектерді чек беруші - банктерге таңдап бөледі, тапсырылған чектердің жазбаша Тізбесін толтырады (бұдан әрі - Тізбе), Тізбеде чектердің деректемелері мен олардың сомалары көрсетіледі.

50. Саналған чектер мен оларға қоса тіркелетін есептеу таспалары чектердің Негізгі клирингіне қатысатын әрбір банк үшін жеке-жеке пакеттерге салынады.

Пакетте чек берушінің банкінің нөмірі, құжаттар саны, жалпы сома, күні және чек ұстаушының банкінің қолы көрсетіледі.

Чек берушінің банкіне қайтарылатын ақауы бар чектер және жалған чектердің көшірмелері Тізбеге қосылмайды, жалған (ақауы бар) чекті анықтау туралы акт бойынша тапсырылады.

51. Тізбе чек берушінің әрбір банкіне үш данада толтырылады (бірінші данасы Клиринг палатасы үшін, екіншісі чек беруші банктің өкілі үшін, үшіншісі чек ұстаушының банкі үшін).

52. Чектердің негізгі клирингі мынадай реттілікпен жүзеге асырылады:

1) чектердің клирингіне қатысатын банктердің тіркелуі;
2) чектердің клирингіне қатысатын банктердің өкілдері өздеріне сайланған о р ы н д а р ғ а ж а й ғ а с а д ы ;

3) чектердің негізгі клирингіне қатысатын банктердің өкілдері пакет алмасады және өздерінің қолын қойып Тізбелерді және жалған (ақау бар)

чектерді анықтау туралы актілерді куәландырады;

4) чектердің негізгі клирингіне қатысатын банктердің өкілдері Клиринг палатасының қызметкерлеріне чектерді және жалған (ақау бар) чектерді анықтау туралы актілерді тапсырған және қабылдап алған банктердің өкілдері қолдарын қойып куәландырған Тізбелерді тапсырады;

5) қатысушы - банктердің өкілдерінің құжаттар алмасуды аяқтауы;

6) Клиринг палатасы қызметкерлерінің чектермен алмасудың қорытындысын шығаруы, чектердің негізгі клирингіне қатысушы банктердің таза позицияларын анықтау ;

7) "Чектердің клирингісінің нәтижесі" деген клиринг есебін толтыру, ол есепке Клиринг палатасының уәкілетті адамдары қолдарын қойып, мөр басады.

53. Клиринг палатасының қатысуынсыз мүдделі банктер Алғашқы клиринг өткізеді, бұл клиринг Негізгі клирингтің қасында қосымша клиринг деп саналады .

Негізгі клирингтің жұмысы басталғанға дейін чектердің бір бөлігін алдын ала өзара алу және тапсыру негізінде банктер арасында өткізілетін клиринг Алғашқы клиринг деп саналады. Чектердің алғашқы клирингіне қатысатын банктер Клиринг палатасында алдын ала Негізгі клиринг басталғанға дейін өзара чектермен алмасады, ал Клиринг палатасына Тізбелер әкелінеді, солардың негізінде чектердің Алғашқы клирингіне қатысатын банктердің таза позициясы есептеп шығарылады. Чектердің Алғашқы клирингіне қатысқан банктердің таза позициялары чектердің Негізгі клирингінің нәтижесіне қосылады.

6-тарау. Жауапкершілік

54. Чектер тиісінше пайдаланылмаған жағдайда, чек кітапшасын немесе жекелеген толтырылмаған чектерді басқа адамға беру, жоғалту немесе ұрлату, сондай-ақ чек беруші - заңды тұлға чектерге қол қоюға уәкілеттік берген адамдар тарапынан қызметті теріс пайдалану салдарынан зиян шеккенде, чектерді пайдалану туралы шартта басқа нәрсе ескерілмеген болса, чек беруші жауап береді.

55. Чектерді пайдалану ережесін бұзуға жол беретін немесе төлеуге қабілетсіз адамдар банктің жекелеген тізімдерінде ескеріліп, басқа банктер мен Клиринг палатасының назарына жеткізілуге тиіс.

56. Чек берушінің банкінің чек беруші жіберген заң бұзушылық үшін чек кітапшасын есептемеу туралы шешімі чектерді пайдалану туралы шартта көзделген тәртіппен оның назарына жеткізіледі.

Хабарламаны алысымен чек беруші дәл сол күні чек жазып беруді тоқтатуға және хабарламаны алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей чек берушінің банкіне чек кітапшасын пайдаланылмаған чектермен бірге қайтаруға міндетті.

57. Жоғалған чек кітапшасының тиісті түрде ресімделген чектерін төлегені үшін, егер жоғалғаны туралы банкке уақтылы хабар берілмесе, банк жауап бермейді.

58. Егер чектерді пайдалану туралы шартта басқа нәрсе көзделмеген болса, чектің қателесіп қайтарылғаны үшін осы қателікті жіберген банк жауап береді.

59. Жалған чек жасағаны немесе сатып өткізгені үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1998 жылғы 5 желтоқсандағы
N 266 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасының
аумағында чектерді қолдану
туралы Ережеге

N 1 Қосымша

" Б е к і т е м і н "
Банктің бас бухгалтері

(қолы)

_____ қаласы " ____ " _____ 199__ ж.

**Жалған (ақаулы) чектердің анықталғаны туралы
(керексізі сызылсын)**

Акт

Біз, төменде қол қоюшылар _____
(банктің жалған (ақаулы) чектерді анықтаған уәкілетті

_____ адамының лауазымы мен банктің бас бухгалтерінің аты-жөндері
_____ сомаға жазылған, 199__ жылғы " ____ " _____
чек _____ ұстаушының _____ аты-жөні)
_____ банк Клиринг палатасына өткізген N ____ чекті тексеру кезінде
байқалған _____

_____ туралы осы актіні жасадық,
осыған байланысты көрсетілген чек төлемге қабылданбайды.

(қолы)

(қолы)

Жалған чек _____ Ішкі істер бөліміне өткізілді. Чектің көшірмесі 199__ жылғы " __ " _____ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Клиринг палатасындағы банктің өкілі _____ қайтарылды.

Өткізген _____ Қабылдап алған _____

Клиринг палатасының белгісі _____

М.О.